

## "Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 824 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Қызылорда облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 15 маусымдағы № 38 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 24 маусымда № 5032 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 19 мамырдағы № 461 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 19.05.2016 № 461 қаулысымен (кол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі

**ҚАУЛЫ ЕТЕД:**

"Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 824 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4862 тіркелген, "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" газеттерінде 2015 жылғы 14 ақпанда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

атаған қаулымен бекітілген "Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесінде:

16-тармағының 20) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"20) медициналық және фармацевтикалық қызметпен айналысу, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызмет түрлері бойынша Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасының сақталуына бақылауды жүзеге асырады;";

17-тармағының 2) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"2) Басқарма:

занды және негізделген шешімдер қабылдауға;  
қабылданған шешімдердің орындалуына бақылауды қамтамасыз етуге;  
жеке және занды тұлғалардың Басқармаға жолдаған өтініштерін қаруға,  
олардың орындалуын бақылауға, Қазақстан Республикасының заңнамасымен  
белгіленген жағдайларда және тәртіппен олар бойынша жауаптар беруге;

жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды үйымдастыруға;

қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыруға міндетті".

"Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындаитын шараларды қабылдасын.

Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Р. Кенжеханұлына жүктелсін.

Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған қунینен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда облысының әкімі*

*K. Көшербаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК